

"Өнімділік 2020" бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 254 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1499 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 23 маусымдағы № 370 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.06.2016 № 370 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Өнімділік 2020» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 254 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 27, 314-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген «Өнімділік 2020» бағдарламасында: «Бағдарламаның паспорты» деген 1-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

| | |
|--------------------------|---|
| «Бағдарламаның атауы | «Өнімділік 2020» бағдарламасы |
| Әзірлеу үшін негіздеме | «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» 2012 жыл қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы, «Қазақстан Республикасын үді индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арна мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің ке жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республи Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы (бұдан әрі – Мемле бағдарлама) |
| Әзірлеуші | Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі |
| Бағдарламаның мақсаты | Экономиканың басым секторларында еңбек өнімділігін ұлғайту арқылы өнеркә кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру |
| Бағдарламаның міндеттері | 1. Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту (техникалық қайта жарактандыру) бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді 2. Кәсіпкерлік субъектілерін сервистік қолдау |
| Іске асыру мерзімдері | 2011 – 2020 жылдар, 2011 – 2014 жылдар, 2015 – 2020 жылдар |

Бағдарламада қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында 2020 жылға дейін мы нысаналы индикаторларға қол жеткізі Бағдарламаның бірінші міндеті шеңберінде қатысатын өңдеуші өнерк

Нысаналы индикаторлар

кәсіпорындарының еңбек өнімділігін кемінде екі есеге ұл
Бағдарламаның бірінші міндеті шеңберінде қатысушы кәсіпорындардың қуаттар
орташа жүктемесін 80 %-ға дейін ұлғ
10 кәсіпорын үшін жыл сайын еңбек өнімділігін ұлғайту және энергия тиімді
арттыру мәселелері бойынша кәсіпкерлік субъектілерінің топ-менеджерлерін с
кемінде 3 кәсіпорында жыл сайын техникалық диагностика жү
кемінде 3 кәсіпорында жыл сайын еңбекті техникалық нормалау жүйесін енгізу

Қаржыландыру көздері

2011 жылғы республикалық бюджетте 15 764 910 мың теңге, 2012 жылы – 10 13
мың теңге, 2013 жылы – 134 050 мың теңге, 2014 жылы – 225 187 мың теңге,
жылы – 225 187 мың теңге көзделген. Инновациялық гранттарға және қазіргі зам
басқару технологияларын енгізуге арналған шығыстар тиісінше Қазақ
Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1308 және 2010 жыл
қарашадағы № 1291 қаулыларымен бекітілген Қазақстан Республикасы
инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу жөніндегі
– 2014 жылдарға арналған бағдарламада және Елдің 2020 жылға д
ғылыми-технологиялық дамуының салааралық жоспарында көрсетілг
Республикалық бюджеттен келесі жылдарды қаржыландыру көлемі жоспарлан
кезеңге тиісті бюджеттерді қалыптастыру кезінде нақтыланады»;

«Кіріспе» деген 2-бөлімде:
сегізінші бөлікте:

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«қатысушы – бірінші міндет шеңберінде қатысушыларға қойылатын
өлшемдерге сәйкестігі туралы Бағдарлама операторының сараптамалық оң
бағалауы бар немесе сервистік қолдау шеңберінде құралды(дарды) алған
кәсіпкерлік субъектісі»;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«тренингтік компания – кәсіпорынды басқару саласында дөңгелек үстелдер,
семинарлар, оқыту тренингтерін өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға;
еңбекті нормалау жөніндегі консультант – кәсіпорында еңбекті техникалық
нормалау жүйесін жүзеге асыратын заңды тұлға;
техникалық диагностика жөніндегі консультант – кәсіпорында техникалық
диагностиканы жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға;
топ-менеджер – заңды тұлғаның басшысы немесе оның атқарушы органының
мүшесі немесе өндірісті немесе оның жекелеген кезеңдерін ұйымдастыруға
жауапты тұлға (жоба менеджері, өндіріс жөніндегі басқарушы директор және т.б.
) . » ;

«Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары мен іске
асыру нәтижелерінің көрсеткіштері» деген 4-бөлім, «Бағдарламаны іске асыру
кезеңдері» деген 5-бөлім, «Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру
көздері» деген 6-бөлім және «Өнімділік 2020» бағдарламасын іске асыру
жөніндегі іс-шаралар жоспары (I-кезең)» деген 7-бөлім мынадай редакцияда
жазылсын:

«4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары мен іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

1. Бағдарламаның мақсаты

Экономиканың басым салаларында еңбек өнімділігін ұлғайту арқылы өнеркәсіптік кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру

2. Міндеттері

1. Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту (техникалық қайта жарақтандыру) және бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді құру.
2. Кәсіпкерлік субъектілерін сервистік қолдау.

3. Бағдарламаның нысаналы индикаторлары

2020 жылға дейінгі нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаның бірінші міндеті шеңберінде қатысатын өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының еңбек өнімділігін кемінде 2 есеге ұлғайту;

Бағдарламаның бірінші міндеті шеңберінде қатысушы кәсіпорындардың қуаттарының орташа жүктемесін 80 %-ға дейін ұлғайту;

10 кәсіпорын үшін жыл сайын еңбек өнімділігін ұлғайту және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша кәсіпкерлік субъектілерінің топ-менеджерлерін оқытуды ұйымдастыру;

кемінде 3 кәсіпорында жыл сайын техникалық диагностика жүргізу;

кемінде 3 кәсіпорында жыл сайын еңбекті техникалық нормалау жүйесін

енгізу.

2015 жылға дейінгі нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаның бірінші міндеті шеңберінде қатысатын өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарында еңбек өнімділігін кемінде 1,5 есеге ұлғайту;

Бағдарламаның бірінші міндеті шеңберінде қатысушы кәсіпорындар қуаттарының орташа жүктемесін 70 %-ға дейін ұлғайту.

4. Бағдарламаны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:

индустриялық-инновациялық дамуға бағытталған жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде жеке сектордың кәсіпорындары үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігін арттыру;

экономиканың шикізат емес секторындағы инвестициялық жобаларды іске

асыру үшін жеке сектордың, бірінші кезекте қаржы ұйымдарының қаражатын
т а р т у ;

өнеркәсіп кәсіпорындарының, бірінші кезекте орта және ірі бизнестің
қаржы-экономикалық тұрақтылығын арттыру көзделеді.

Бағдарламаның негізгі сандық және сапалық нәтижелері:

Бағдарламаның бірінші міндеті шеңберінде қатысатын өңдеуші өнеркәсіп
кәсіпорындарының еңбек өнімділігін кемінде 2 есеге ұлғайту;

Бағдарламаның бірінші міндеті шеңберінде қатысушы кәсіпорындар
қуаттарының орташа жүктемесін 80 %-ға дейін ұлғайту.

5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Бағдарламаны іске асыру екі кезеңде жүзеге асырылады:

1-кезең – 2011 жылдан 2014 жыл аралығында жүзеге асырылатын болады,
бұл ретте 2011 жыл – пилоттық болып табылады.

2011 жылы Бағдарлама жаңа бизнес бастамаларды қолдау, жұмыс істейтін
кәсіпорындарды жаңғырту және индустриялық кәсіпорындардың кадрлық
элеуетін нығайту бойынша іске асырылатын болады. Пилоттық кезеңді іске
асыру нәтижелері бойынша Бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар,
сондай-ақ қосымша мемлекеттік қолдау құралдары енгізілуі мүмкін.

2012 – 2014 жылдары Бағдарлама жаңа бизнес бастамаларды қолдау және
жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту және индустриялық
кәсіпорындардың кадрлық элеуетін нығайту бойынша іске асырылатын болады.

2-кезең – 2015 – 2020 жылдар.

2015 – 2020 жылдары Бағдарлама жаңа бизнес бастамаларды қолдау және
жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту бойынша іске асырылатын
болады.

1. Бағдарлама қатысушысына қойылатын критерийлер

1. Мынадай критерийлерге сәйкес келетін кәсіпкерлік субъектілері
Бағдарламаның «жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту (техникалық қайта
жарактандыру) және бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді құру» атты бірінші
міндеті шеңберінде қатысушылары бола алады:

1) осы Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік бағдарламаның
шеңберінде экономиканың басым салаларында инвестициялық жобаларды іске
асыратындар және (немесе) іске асыруды жоспарлайтындар;

2) машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату бойынша қызмет
көрсету саласында инвестициялық жобаларды іске асыратын кәсіпкерлік
субъектілерін қоспағанда (ЭҚЖК коды 33), осы Бағдарламаға 2-қосымшаға
ұсынылған өнімдерді өткізетіндер және (немесе) шығаруды жоспарлайтындар

және тау-кен өндірісі және мұнай-газ салаларындағы техникалық қызметтер көрсететіндер (ЭҚЖК коды 09);

3) қаржылай тұрақты (банк(тер) немесе банк(тер) филиалы(дары) алдында барлық міндеттеме түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің және салықтық берешегінің болмауы және басқалар);

4) инвестициялық жобаның кешенді жоспары бар (инвестициялық жобаның кешенді жоспарын өтінім берушінің жеке өзі немесе Бағдарлама әкімшісі бекіткен тізбеден консалтингтік компанияны тарту арқылы әзірлеуі мүмкін).

Инвестициялық жобаның кешенді жоспары мына көрсеткіштерге қол жеткізуді көздеуі тиіс:

- 1) инвестициялық жобаның қаржылық өтемділігі;
- 2) еңбек өнімділігін екі есе, бірақ жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту жобалары бойынша салалық орташа деңгейден бір жарым еседен кем емес немесе жаңа инвестициялық жобалар бойынша салалық орташа деңгейден үш есе арттыру;
- 3) өнімнің бәсекеге қабілеттілігі (ішкі және сыртқы нарықтарда сұранысқа ие өнім).

2. Бағдарламаға «кәсіпкерлік субъектілерін сервистік қолдау» атты екінші міндет шеңберінде қатысу кәсіпкерлік субъектілері үшін мәлімдемелік сипатқа ие. Әрбір құрал шеңберінде қатысушыға осы бөлімнің «Бағдарлама құралдары» деген 4-кіші бөліміне сәйкес талаптар жеке қойылады.

2. Бағдарламаға қатысу тәртібі

Бағдарламаға «жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту (техникалық қайта жарактандыру) және бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді құру» атты бірінші міндет шеңберінде қатысу мәлімдемелік сипатқа ие және мемлекеттік қолдау мынадай схема бойынша ұсынылады:

1. Өтінім беруші Бағдарлама операторына жүгінеді және қажетті құжаттар пакетін (оның ішінде белгіленген талаптарға сәйкес тізбедегі консалтингтік компаниямен бірлесе отырып әзірленген немесе консалтингтік компанияның сараптамасы бар инвестициялық жобаның кешенді жоспарын) ұсынады.

2. Бағдарлама операторы ұсынылған құжаттар пакетіне сараптамалық бағалау дайындайды. Сараптамалық бағалау Мемлекеттік бағдарламаның, салалық бағдарламалардың басымдықтарына, Бағдарламаның 1 және 2-қосымшаларына сәйкестігі, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы туралы қорытындыны және еңбек өнімділігі мен энергия тиімділігінің көрсеткіштерін салыстыруды, сондай-ақ консалтингтік компанияның инвестициялық жобаның кешенді жоспарының немесе консалтингтік компания әзірлеген инвестициялық жобаның кешенді жоспарын сараптамалық бағалау негізінде жаңғыртуды өткізу және мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну

қажеттілігі туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

3. Бағдарлама операторы сараптамалық бағалауды Бағдарлама әкімшісіне, өтінім берушіге және құрал операторына жібереді.

4. Сараптамалық бағалау оң болған жағдайда Бағдарлама операторы Бағдарламаның осы бөлімінің «Бағдарлама құралдары» деген 4-кіші бөліміне сәйкес инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу немесе сараптау кезінде өтелген шығындардың бір бөлігін қатысушыға төлейді.

5. Одан әрі өзге де құралдарды алу қажет болса, өтінім беруші құрал операторына жүгінеді.

6. Құрал операторы белгіленген талаптарға сәйкес инвестициялық жобаға сараптаманы жүзеге асырады. Құрал операторы өтінім берушіні және Бағдарлама операторын қабылданған шешім туралы хабардар етеді.

7. Құрал операторының оң шешімі болған кезде Бағдарлама операторы, құрал операторы және қатысушы мониторинг туралы тиісті келісім жасасады, онда мыналар көзделеді:

- 1) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- 2) құралды енгізу нәтижелерінің индикаторлары;
- 3) құрал операторының және қатысушының жауапкершілігі және т.б.

8. Бағдарлама қатысушыларының инвестициялық жобаларының іске асырылуының мониторингін Бағдарлама операторы мен құрал операторлары инвестициялық жобаның барлық іске асырылу мерзімінде жүзеге асырады.

9. Бағдарламаны іске асыру регламентін, өтінім нысандарын, өтінім беруші ұсынатын құжаттар тізбесін, өтінімдерді қарау мерзімдерін, келісімнің үлгілік нысанын, жалпы Бағдарламаның және жеке құралдардың іске асырылу мониторингінің нысандарын және мерзімін, инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеуге қойылатын талаптарды ведомствоаралық комиссия қарағаннан кейін Бағдарлама әкімшісі бекітеді.

Бағдарламаға «кәсіпкерлік субъектілерін сервистік қолдау» атты екінші міндет шеңберінде қатысу мәлімдемелік сипатқа ие және мемлекеттік қолдау осы бөлімінің «Бағдарлама құралдары» деген 4-кіші бөліміне сәйкес жеке ұсынылады.

3. Консалтингтік және тренингтік компанияларға, техникалық диагностика жөніндегі және еңбекті нормалау жөніндегі консультанттарға қойылатын критерийлер

1. Инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу немесе сараптау үшін тартылатын консалтингтік компаниялар мынадай критерийлерге сәйкес келуі тиіс:

1) компанияның инфрақұрылымдық жобалар мен өңдеуші өнеркәсіп жобалары бойынша бизнес-жоспарларды, ТЭН, ЖСҚ әзірлеу саласында

біліктілігі мен кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) компанияның активінде инфрақұрылымдық жобалар мен өңдеуші өнеркәсіп жобалары бойынша бизнес-жоспарларды, ТЭН, ЖСҚ әзірлеу саласында кемінде 3 ірі еңбектің болуы;

3) салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болмауы.

2. «Еңбек өнімділігін және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша топ-менеджерлерді оқыту үшін ақы төлеу» құралы шеңберінде тартылатын тренингтік компаниялар мынадай критерийлерге сәйкес келуі тиіс:

1) компанияның кәсіпорынды басқару саласында дөңгелек үстелдер, семинарлар, оқыту тренингтерін өткізуді ұйымдастыру саласында біліктілігі мен кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) компанияның активінде кәсіпорынды басқару саласында дөңгелек үстелдер, семинарлар, оқыту тренингтерін өткізуді ұйымдастыру саласында кемінде 3 (үш) ірі еңбектің болуы;

3) салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болмауы.

3. «Кәсіпорынның техникалық диагностикасын жүргізуді бірлесіп қаржыландыру» құралы шеңберінде тартылатын техникалық диагностика жөніндегі консультанттар мынадай критерийлерге сәйкес келуі тиіс:

1) өнеркәсіптік кәсіпорындарда салалық құзыры бойынша техникалық диагностика, энергия аудитін, техникалық және технологиялық аудит және т.б. жүргізу саласында біліктілігі және кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) активінде өнеркәсіптік кәсіпорындарда техникалық диагностика, энергия аудитін, техникалық және технологиялық аудит және т.б. жүргізу саласында кемінде 3 ірі еңбектің болуы;

3) салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болмауы.

4. «Еңбекті техникалық нормалау жүйесін енгізу бойынша шығыстарды өтеу» құралы шеңберінде тартылатын еңбекті нормалау жөніндегі консультанттар мынадай критерийлерге сәйкес келуі тиіс:

1) өнеркәсіптік кәсіпорындарда еңбекті техникалық нормалау жүйесін енгізу саласында біліктілігі және кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) активінде өнеркәсіптік кәсіпорындарда еңбекті техникалық нормалау жүйесін енгізу саласында кемінде 3 ірі еңбектің болуы;

3) салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болмауы.

5. Консалтингтік және тренингтік компаниялар, техникалық диагностика жөніндегі және еңбекті нормалау жөніндегі консультанттар тізбесін Бағдарламаның операторы компаниялар мен консультанттар өтінімдерінің негізінде қалыптастырады, ведомствоаралық комиссия қарағаннан кейін Бағдарламаның әкімшісі бекітеді.

6. Консалтингтік және тренингтік компаниялар, техникалық диагностика жөніндегі және еңбекті нормалау жөніндегі консультанттар тізбеден Бағдарлама операторының ұсынысымен шығарылады және ведомствоаралық комиссия қарағаннан кейін Бағдарлама әкімшісі бекітеді.

4. Бағдарлама құралдары

Бағдарламаның «жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту (техникалық қайта жарақтандыру) және бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді құру» деген бірінші міндеті шеңберінде берілетін құралдары

Бағдарламаны «жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту (техникалық қайта жарақтандыру) және бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді құру» атты бірінші міндеті шеңберінде мемлекеттік қолдау мынаны білдіреді:

- 1) инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлегені немесе сараптама жүргізгені үшін төлемдер;
- 2) ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды беру;
- 3) инновациялық гранттар беру.

Бағдарламаның бірінші міндеті шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын беру мынадай түрде жүзеге асырылады.

Консалтингтік компанияның кешенді жоспарды әзірлегені немесе сараптама жүргізгені үшін төлемдер

Бағдарлама шеңберінде консалтингтік компанияның инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлегені немесе сараптама жүргізгені үшін шығыстарының 50 %-ын, бірақ 7,5 млн. теңгеден аспайтын мөлшерде төлеу көзделген.

Бағдарлама әкімшісінің қатысушыға консалтингтік компанияның кешенді жоспарды әзірлегені немесе сараптама жүргізгені үшін төлем тетігі:

1. Өтінім беруші инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу немесе сараптама жүргізу үшін бекітілген тізбеден консалтингтік компанияны өз еркімен аяқындайды.

2. Өтінім беруші және консалтингтік компания инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу немесе сараптама жүргізу туралы шарт жасасады.

3. Өтінім беруші Бағдарлама операторына құжаттардың толық пакетін ұсынады.

4. Оң сараптамалық бағалау және инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеуге немесе сараптамаға қатысушының шығыстарын растайтын құжаттардың негізінде Бағдарлама әкімшісі Бағдарлама операторына бюджеттік бағдарлама шеңберінде бөлінген қаражатты аударуды жүзеге асырады.

Бағдарлама операторы Бағдарлама әкімшісі аударған қаражатты толық көлемде қатысушыға аударуды жүзеге асырады, бұл ретте Бағдарлама операторына қатысушыларға қаражатты аударғаны үшін сыйақы көзделмеген.

Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну

Бағдарлама шеңберінде ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды қатысушыға құрал операторы ұсынады. Құрал операторы – «Қазақстанның даму банкі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымы «ҚДБ – Лизинг» акционерлік қоғамы.

Өтінім беруші ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру құралын пайдаланғанда жобаны іске асыруда лизинг мәнінің жалпы құнының кемінде 15 %-ы мөлшерінде ақша қаражатымен қатысуды қамтамасыз етуі тиіс.

Лизинг мәнінің жалпы құны кемінде 150 млн. теңге болуы тиіс (жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары үшін 75 млн. теңгеден кем емес).

Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру 10 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Қаржылық лизинг шарты бойынша сыйақы ставкасы қатысушы үшін 5 %-ды құрауы тиіс, бұл ретте құрал операторының бюджеттік кредит пен өзге де қорландыру құралдарының арасалмағы 80/20 құрауы тиіс. Осы талаптар 2011 – 2012 жылдары жасалған шарттарға да қолданылады.

Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну тетігі:

1. Құрал операторына ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруға өтінім беруді қатысушы Бағдарлама операторының оң сараптамалық қорытындысын алғаннан кейін белгіленген нысанға сәйкес жүзеге асырады.

2. Құрал операторы өтінімді белгіленген тәртіппен қарайды және ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну (ұсынбау) туралы шешім шығарады.

3. Құрал операторының оң шешімі болған жағдайда құрал операторы мен қатысушы қаржылық лизинг шартын жасасады.

Инновациялық гранттар беру

Инновациялық гранттар Бағдарламаның бірінші міндеті шеңберінде жаңа индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыру үшін, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға және ұлғайтуға бағытталған іске асырылып жатқан индустриялық-инновациялық жобаларға:

- 1) инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін шетелде арттыру;
- 2) біліктілігі жоғары шетелдік мамандарды тарту;
- 3) консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тарту;
- 4) басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізу бағыттары

б о й ы н ш а

б е р і л е д і .

Құрал операторы – технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институты

Инновациялық гранттарды беру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Инженерлік-техникалық персоналдың біліктіліктерін шетелдерде арттыруға, біліктілігі жоғары шетелдік мамандарды тартуға, консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тартуға, басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізуге инновациялық гранттар беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Бағдарламаның «кәсіпкерлік субъектілерін сервистік қолдау» екінші міндеті шеңберінде берілетін құралдары

Бағдарламаның шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік сервистік қолдау мынаны білдіреді:

- 1) инновациялық гранттар беру;
- 2) топ-менеджерлер үшін еңбек өнімділігін және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша оқу ақысын төлеу;
- 3) кәсіпорынның техникалық диагностикасын жүргізуді бірлесіп қаржыландыру;
- 4) еңбекті техникалық нормалау бойынша шығындарды өтеу;
- 5) халықаралық стандарттарға (ISO, API, ASTM, GMP, EN және басқалар) сәйкес өнімді сертификаттау және сапа менеджменті жүйелері бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу.

Бағдарламаның шеңберінде сервистік қолдау шараларын беру мынадай түрде жүзеге асырылады.

Инновациялық гранттар беру

Инновациялық гранттар жаңа индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыру үшін, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға және ұлғайтуға бағытталған іске асырылып жатқан индустриялық-инновациялық жобаларға мынадай бағыттар б о й ы н ш а б е р і л е д і :

- 1) біліктілігі жоғары шетелдік мамандарды тарту;
- 2) консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тарту;
- 3) инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін шетелде арттыру;
- 4) басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізу;
- 5) өнеркәсіптік зерттеулер (ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар) жүргізу;
- 6) технологиялар сатып алу;
- 7) бастапқы даму кезеңінде жоғары технологиялық өнім өндіру жөніндегі қызметті қолдау;
- 8) шетелде және (немесе) өңірлік патенттік ұйымдарда патент беру;

9) технологияларды 2 кезең бойынша коммерцияландыру (жоба тұжырымдамасын негіздеу және өнеркәсіптік прототип жасау).

Құрал операторы – технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институты

Инновациялық гранттарды беру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Инженерлік-техникалық персоналдың біліктіліктерін шетелдерде арттыруға, біліктілігі жоғары шетелдік мамандарды тартуға, консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тартуға, басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізуге инновациялық гранттар беру қағидаларына; Технологияларды сатып алуға, өнеркәсіптік зерттеулер жүргізуге, бастапқы даму кезеңінде жоғары технологиялық өнім өндіру жөніндегі қызметті қолдауға, шет елдерде және (немесе) өңірлік патенттік ұйымдарда патенттеуге инновациялық гранттар беру қағидаларына және Технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Еңбек өнімділігін және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша топ-менеджерлерді оқыту үшін ақы төлеу

Бағдарлама шеңберінде төлем тренингтік компаниялардың кәсіпорындардың топ-менеджерлерін оқытуға жұмсаған шығындардың (жол жүру және тұру шығындарын есепке алмағанда) 60 %, бірақ 1 (бір) топ-менеджерге жылына 1,5 млн. теңгеден аспайтын мөлшерде және 3 (үш) топ-менеджерден аспайтын менеджерге жұмсалған шығындар төленеді.

Бағдарлама әкімшісінің оқу үшін төлеуақы тетігі:

1. Өтінім беруші Бағдарлама операторына жүгінеді және қажетті құжаттар пакетін ұсынады.

2. Бағдарлама операторы өтінім берушінің құжаттар пакетін қарайды, сонымен қатар Бағдарламаның 1 және 2 қосымшаларына сәйкестігін тексереді.

3. Өтінім беруші топ-менеджерлерді оқытуды өткізуге арналған тізбеге сәйкес тренингтік компанияны өзі айқындайды.

4. Өтінім беруші тренингтік компаниямен оқыту бойынша қызметтерді ұсынуға арналған шартты жасайды.

5. Өтінім беруші Бағдарлама операторына сертификатты және топ-менеджерлерді оқыту жөніндегі өтінім берушінің шығыстарын растайтын құжаттар пакетін ұсынады.

6. Бағдарлама әкімшісі Бағдарлама операторының өтінімі, сертификат және топ-менеджерлерді оқыту жөніндегі өтінім берушінің шығыстарын растайтын құжаттардың негізінде бюджеттік бағдарлама шеңберінде бөлінген тиісті ақша қаражатын Бағдарлама операторына аударуды жүзеге асырады.

7. Бағдарлама операторы Бағдарлама әкімшісі аударған тиісті ақша қаражатын аударуды толық көлемде жүзеге асырады, бұл ретте, өтінім берушіге ақша қаражатын аудару үшін Бағдарлама операторына сыйақы көзделмеген.

Кәсіпорынға техникалық диагностика жүргізуді бірлесіп қаржыландыру

Бағдарлама шеңберінде 80 % мөлшерде, алайда шағын және орта кәсіпорындар үшін 8 млн. теңгеден аспайтын, ірі кәсіпорындар үшін 16 млн. теңгеден аспайтын мөлшерде кәсіпорындарға техникалық диагностика жүргізуді бірлесіп қаржыландыру көзделді.

Бағдарлама әкімшісінің кәсіпорынға техникалық диагностика жүргізуді бірлесіп қаржыландыру тетігі:

1. Өтінім беруші Бағдарлама операторына жүгінеді және қажетті құжаттар пакетін ұсынады.

2. Бағдарлама операторы өтініш берушінің құжаттар пакетін, соның ішінде Бағдарламаның 1 және 2-қосымшаларына сәйкестігін қарайды.

3. Өтінім беруші Бағдарлама операторымен бірлесіп бекітілген Салалық құзыреттілік бойынша тізбеден техникалық диагностика жөніндегі консультантты аяқындайды.

4. Бағдарлама операторы, өтінім беруші және техникалық диагностика жөніндегі консультант кәсіпорынға техникалық диагностика жүргізу жөніндегі үш жақты шарт жасасады.

5. Өтінім беруші техникалық диагностика жөніндегі консультантқа кәсіпорынға техникалық диагностика жүргізу қызметі құнының 20 % мөлшерінде аванстық төлемді жүзеге асырады.

6. Техникалық диагностика жөніндегі консультант жасалған үш жақты шарт талаптары мен мерзімдеріне сәйкес кәсіпорынға техникалық диагностиканы жүзеге асырады.

7. Техникалық диагностика жөніндегі консультант кәсіпорынның техникалық диагностикасы жөнінде есепті ресімдейді және оны Бағдарлама операторы мен өтінім берушіге ұсынады.

8. Бағдарлама операторы, өтінім беруші және техникалық диагностика жөніндегі консультант кәсіпорынға техникалық диагностика жүргізу бойынша орындалған қызметтер актісіне қол қояды.

9. Бағдарлама операторы Техникалық диагностика бойынша есеп, кәсіпорынға техникалық диагностика жүргізу бойынша орындалған қызметтер актісі және шот-фактура негізінде Бағдарлама әкімшісіне кәсіпорынға техникалық диагностика жүргізу үшін техникалық диагностика жөніндегі консультанттың қызмет құнының 80 % мөлшерінде бюджеттік қаражатты аударуға өтінім жолдайды.

10. Бағдарлама әкімшісі бюджеттік қаражатты Бағдарлама операторының

11. Бағдарлама операторы Бағдарлама әкімшісі аударған тиісті қаражатты толық көлемде техникалық диагностика жөніндегі консультантқа аударуды жүзеге асырады, бұл ретте Бағдарлама операторына техникалық диагностика жөніндегі консультанттарға қаражатты аударғаны үшін сыйақы көзделмеген.

Қажетті құжаттар тізбесін, өтінім мен үш жақты шарттың нысандарын, техникалық диагностика бойынша есепке қойылатын талаптарды Бағдарлама операторы әзірлейді және ведомствоаралық комиссия қарағаннан кейін Бағдарламаның әкімшісі бекітеді.

Еңбекті техникалық нормалау бойынша ақы төлеу Бағдарлама шеңберінде еңбекті техникалық нормалау жүйесін енгізу кезінде келтірілген шығындарды 50 % мөлшерде, алайда ірі кәсіпорындар үшін 5 млн. теңгеден аспайтын және шағын және орта кәсіпорындар үшін 2 млн. теңгеден аспайтын мөлшерде төлеу көзделеді.

Бағдарлама әкімшісінің еңбекті техникалық нормалау шығындарды өтеу т е т і г і :

1. Өтінім беруші Бағдарлама операторына жүгінеді және қажетті құжаттар п а к е т і н ұ с ы н а д ы .

2. Бағдарлама операторы өтініш берушінің құжаттар пакетін, соның ішінде Бағдарламаның 1 және 2-қосымшаларына сәйкестігін қарайды.

3. Өтінім беруші Еңбекті нормалау жөніндегі тізбеден еңбекті техникалық нормалау жөніндегі консультантты өз еркімен айқындайды.

4. Өтінім беруші мен еңбекті нормалау жөніндегі консультант еңбекті техникалық нормалау жөнінде шарт жасасады.

5. Өтінім беруші Бағдарлама операторына қажетті құжаттар пакетін ұсынады.

6. Бағдарлама операторы еңбекті техникалық нормалау жүйесін енгізуге өтінім берушінің шығыстарын растайтын құжаттар пакеті негізінде Бағдарлама әкімшісіне бюджеттік қаражатты аударуға өтінім жолдайды.

7. Бағдарлама әкімшісі бюджеттік бағдарлама шеңберінде бөлінген тиісті ақша қаражатын Бағдарлама операторына аударуды жүзеге асырады.

8. Бағдарлама операторы Бағдарлама әкімшісі аударған тиісті қаражатты толық көлемде қатысушыға аударуды жүзеге асырады, бұл ретте Бағдарлама операторына техникалық диагностика жөніндегі консультанттарға қаражатты аударғаны үшін сыйақы көзделмеген.

Қажетті құжаттар тізбесін, өтінім мен шарттың нысандарын Бағдарлама операторы әзірлейді және ведомствоаралық комиссия қарағаннан кейін Бағдарламаның әкімшісі бекітеді.

Халықаралық стандарттарға (ISO, API, ASTM, GMP, EN және басқалар) сәйкес өнімді сертификаттау және сапа менеджменті жүйелері бойынша

шығындардың бір бөлігін өтеу

Құрал операторы – жергілікті қамтуды дамыту саласындағы ұлттық даму институты.

Халықаралық стандарттарға (ISO, API, ASTM, GMP, EN және басқалар) сәйкес өнімді сертификаттау және сапа менеджменті жүйелері бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта жылжыту бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Бағдарлама құралдарын іске асыру мониторингін Бағдарлама операторы мен құрал операторлары жүзеге асырады.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен 2011 жылы 15 764 910 мың теңге, 2012 жылы – 10 133 367 мың теңге, 2013 жылы – 134 050 мың теңге, 2014 жылы – 225 187 мың теңге, 2015 жылы – 225 187 мың теңге көзделіп отыр.

Бағдарламаны одан әрі қаржыландыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат, сондай-ақ мемлекеттік қолдаудың жеке құралдары бойынша тартылған сыртқы қарыздар шеңберінде жүзеге асырылады.

7. «Өнімділік 2020» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (I-кезең)

| Р/с № | Іс-шара | Аяқтау нысаны | Орындауға жауаптылар | Орындау мерзімі | Болжанатын шығыстар (мың теңге) | | | | | Қаржы көздері |
|-------|---|-----------------------------------|--|---------------------|---------------------------------|----------|----------|----------|----------|---------------|
| | | | | | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| 1. | Кәсіпорындарды жаңғырту жөнінде ведомствоаралық комиссия құру | ИЖТМ бұйрығы | ИЖТМ, ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар | 2011 жылғы наурыз | талап етілмейді | | | | | |
| 2. | Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру тәртібін әзірлеу | құрал операторының шешімі | құрал операторы (келісім бойынша), «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша) | « 2011 жылғы наурыз | талап етілмейді | | | | | |
| | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 тамыздағы № 1202 | Қазақстан Республикасының Үкіметі | ИЖТМ, ЭБЖМ, «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша) | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|-----|--|---------------------------|---|---------------------------------------|-----------------|------------|------------|------------|------------|----|
| 3. | қаулысымен бекітілген Инновациялық гранттар беру ережесіне өзгерістер енгізу | қаулысының жобасы |), құрал операторлары (келісім бойынша) | 2011 жылғы қыркүйек | талап етілмейді | | | | | |
| 4. | Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті құжаттардың нысандарын әзірлеу және бекіту, одан әрі жандандыру | ИЖТМ бұйрығы | ИЖТМ, ЭБЖМ, «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша), құрал операторлары (келісім бойынша) | 2011 жылғы мамыр, қажеттілігіне қарай | | | | | | |
| 5. | Консалтингтік компаниялардың тізбесін қалыптастыру және бекіту, одан әрі жандандыру | ИЖТМ бұйрығы | ИЖТМ, «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша), ведомствоаралық комиссия | 2011 жылғы мамыр, қажеттілігіне қарай | | | | | | |
| 6. | Бағдарламаға қатысу туралы өтініштер қабылдау | ИЖТМ-ге ақпарат | «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша) | келіп түсуіне байланысты | | | | | | |
| 7. | Бағдарлама қатысушыларына қойылатын өлшемдерге сәйкестігі туралы сараптама өткізу | сараптамалық қорытынды | «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша), өтініш беруші | келіп түсуіне байланысты | 92 810 | 103 367 | 116 000 | 116 000 | 116 000 | РБ |
| 8. | Қатысушылар өтінімдерін құрал операторларының қарауы | құрал операторының шешімі | құрал операторлары (келісім бойынша), «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша) | келіп түсуіне байланысты | | | | | | |
| 9. | Жобаны іске асыру барысына мониторинг жүргізу | ИЖТМ-ге ақпарат | «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша), құрал операторлары (келісім бойынша) | үнемі | | | | | | |
| 10. | Ақпараттық-насихаттық жұмыс жүргізу | ИЖТМ-ге ақпарат | «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша), құрал операторлары (келісім бойынша) | үнемі | | | | | | |
| | | | | | 672 100 | 30 000 | 18 050 | 109 187 | 109 187 | РБ |

| | | | | | | | | | | |
|----|--|--|---|----------------------|-----------------|--|--|--|--|----|
| 11 | Мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну | шарттар | ИЖТМ, «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша), құрал операторлары (келісім бойынша) | қажеттілігіне қарай | 15 000 000 | | | | | РБ |
| | | | | | 10 000 000 | | | | | РБ |
| 12 | 2012 жылғы 9 тамыздағы № 1035 Инженерлік-техникалық персоналдың шетелде біліктілігін арттыруға, жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға, консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тартуға, басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізуге инновациялық гранттар беру қағидаларына өзгерістер енгізу | Қазақстан Республиканың Үкіметінің қаулысының жобасы | ИЖТМ, «ТДҰА» АҚ (келісім бойынша) | 2013 жылғы II тоқсан | талап етілмейді | | | | | |

Е с к е р т п е :

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

РБ – республикалық бюджет «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

«ҚИДИ» АҚ – «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» акционерлік

Қ О Ғ А М Ы » .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК